

LD-221C

Little Doctor®

Ингалятор компрессорный LD

Руководство по эксплуатации

Compressor Nebulizer LD

Instruction Manual

Ауа сығымдағыш LD ингаляторы

Пайдалану жөніндегі басшылық құжат

RUS


ENG

KAZ



АСПАПТЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІКТЕРІ

KAZ



АСПАПТЫҢ НЕГІЗГІ БӨЛІКТЕРІНІҢ АРНАЛУЫ

№	ШАРТТЫ АТАУЫ	СИПАТТАП ЖАЗЫЛУЫ / АРНАЛУЫ
1	Компрессор	Ауа қысымын жасауға арналған компрессор блогы.
2	Тумблер	Тумблер I/O тумблері – электр қуатын қосу/ажырату.
3	Компрессор жалғастырғышы	Компрессордың ингаляция түтікшесін қосуға арналған жалғастырғышы.

4	Ауа жинақтағыш	Ауа жинақтауға, компрессорды салқындатуға арналған саңылау.
5	Ұстатқыш	Небулайзерге арналған ұстатқыш.
6	Сүзгіге арналған ұяшық	Ингаляторға арналған ауа сүзгісі орнатылатын жер. Шығыс материалы. Пайдалану қағидалары мен ауыстыру тәртібін «Күтім көрсету, сақтау, жөндеу және өтелге шығару» бөлімінен қараңыз.
7	Ересектер бетпердесі LD-N041	Ересектер бетпердесі. <i>Шығыс материалы.</i>
8	Балалар бетпердесі LD-N040	Балалар бетпердесі. <i>Шығыс материалы.</i>
9	LD-N105 небулайзері	Ингаляциялық ерітіндіден аэрозоль құрауға арналған камера.
9.1	Небулайзердің үстіңгі бөлігі	Небулайзердің бір бөлігі.
9.2	«А» бүріккіші (сары) LD-N001	Ингаляциялық бүріккіш (жоғарғы тыныс жолдарына арналған). Екі бөліктен тұрады: конус және цилиндр. <i>Шығыс материалы.</i>
9.3	«С» бүріккіші (қызыл) LD-N003	Ингаляциялық бүріккіш (жоғарғы тыныс жолдарына арналған). <i>Шығыс материалы.</i>
9.4	«В» бүріккіші (көк) LD-N002	Ингаляциялық бүріккіш (әмбебап). <i>Шығыс материалы.</i>
9.5	Шүмек	Жіңішке ауа ағымын жасауға арналған конус тәрізді саңылау.
9.6	Небулайзердің төменгі бөлігі	Небулайзердің бір бөлігі (ұсақтағышқа отырғызатын орны бар аэрозоль камерасының ингаляциялық ерітіндіге арналған бөлігі).
9.7	Небулайзер жалғастырғышы	Ингаляция түтікшесін қосуға арналған жалғастырғыш.
10	LD-N051 Ингаляция түтікшесі	Ингаляция түтікшесі.
11	Мүштік	Ингаляция мүштігі. <i>Шығыс материалы.</i>
12	Ингаляция сүзгісі	Ингаляторға арналған ауа бүріккіш. <i>Шығыс материалы.</i>
13	Ересектердің мұрынға арналған қондырмасы LD-N058	Ересектердің мұрын арқылы ингаляция жасауға арналған қондырмасы.
14	Балалардың мұрынға арналған қондырмасы LD-N059	Балалардың мұрын арқылы ингаляция жасауға арналған қондырмасы.
15	Сөмке	Керек-жарақтарды сақтауға арналған сөмке.

НЕБУЛАЙЗЕРЛІ ТЕРАПИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Небулайзер дегеніміз – аэрозоль құрайтын және оны тозаңдата бүркуге арналған құрылғы. “Небулайзер” сөзі латынның «nebula» (тұман, бұлт) деген сөзінен шыққан және сұйық затты медициналық мақсаттарға арналған аэрозольға айналдыратын құрылғыны солай атау үшін 1874 жылы бірінші рет қолданылды. Алғашқы ықшам «аэрозоль аппараттарының» бірі 1859 жылы J. Sales–Girons Парижде жасалды. Алғашқы небулайзерлер бу қарқынының қуат көзі ретінде пайдаланылды және туберкулезбен ауыратын адамдарды шайыр мен антисептик дәрі-дәрмектер буларымен ингаляциялау үшін қолданылды. Қазіргі кезде «небулайзер» атауының орнына «ингалятор» атауы жиі қолданылады. Небулайзерлі терапияның мақсаты аэрозоль түріндегі препараттың терапевтикалық бір рет пайдаланатын мөлшерін қысқа уақыт ішінде тыныс жолдарына бүрку болып табылады. Аэрозольды үздіксіз бүркіп тұру бірнеше минут ішінде жоғарғы және төменгі тыныс жолдары мен өкпеде дәрілік заттардың жинақталуына мүмкіндік береді және ондайда жанама өзгерістердің ықтималдығы төмен болады. Тиісінше тиімді бронходилатацияға, (яғни, кеңірдекше тарамдарының кеңеюіне) мүмкіндік туады, сырқатты ауруханаға жатқызу БІЛУ МАҢЫЗДЫТІЛІГІ болмайды немесе жатып емделу мерзімі қысқарады.

Little Doctor International (S) Pte. Ltd. компаниясы ерекше өзгешелігі ингаляциялық ерітінділердің көптеген түрін пайдалау мүмкіндігі, дәрі-дәрмектік препараттың қалдық көлемі өте аз және пайдаланылуы тым қарапайым болып табылатын LD-221C үлгідегі ингаляторды пайдаланып қалуды ұсынады. Сіздің осы құралды таңдап алғаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз!

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

LD компрессорлы ингаляторы тыныс жолдары мен өкпе ауруларын дәрі-дәрмек препараттарының ерітінділері аэрозольдарымен емдеу мекемелерінде және үй жағдайында емдеуге арналған. Бұл басшылық құжат LD-221C үлгісінде жасалған LD ингаляторды қауіпсіз де тиімді пайдалануға көмек көрсетуге арналған.

Аспап осы басшылық құжатта жазылған ережелерге сәйкес пайдаланылуға тиіс және осында жазылғандардан басқа мақсаттарға қолданылмауға тиіс. Басшылық құжатты түгелдей түсініп оқып шыққан дұрыс.

Жұмыс істеуге дайын аспап ауа компрессорынан және небулайзерден (аэрозоль құралатын камерадан) тұрады. Ауа компрессоры, қуат көзін қосу/ажырату және ауа сүзгісі бір қораптың ішінде біріктірілген. Сығылған ауа ауа компрессорынан түтікше арқылы небулайзерге беріледі де сол жерде аэрозоль құралады. Компрессорды салқындату үшін аспаптың қорабына ауа өз бетімен беріліп тұрады.

ҚОЛДАНУ КӨРСЕТІМДЕРІ

LD-221C компрессорлы ингаляторлары ринит, фарингит, ларинготрахеит, жіті және созылмалы бронхит, бронхиалды астма сияқты әртүрлі аллергиялар мен тыныстық сырқаттарды тиімді емдеу үшін жасалған.

ҚАРСЫ КӨРСЕТІМДЕР:

Қатерлі ісіктер, қанның жиілік сырқаттар, кенеттен жалпы арықтау, ІІІ сатыдағы гипертониялық сырқат, ми тамырларының айқындалған атеросклерозы, декомпенсация сатысындағы жүрек-қан тамырлары жүйесі сырқаттары, мұрыннан қан кетулер немесе соған бейімділік, қан қақыру, дене қызуының көтерілуі (дене температурасы 38°C-дан жоғары болғанда), белсенді өкпе туберкулезі, жіті пневмония, тыныс жолдары сілемейлі қабаттарының гипертрофиялары, ангина, плеврит, жиі ұстайтын талмалы эпилепсия, ауыр тырысқақты талмалары бар истерия, психомоторлы қозу белгілері бар психоздар, алкогольден немесе есірткіден масаю күйі, екпелерге деген жеке төзімсіздік, сырқаттың жалпы жағдайының нашарлығы. Сондай-ақ, егер пациентке жуықта стоматологиялық хирургиялық ота жасалса я болмаса ол ауыз қуысы мен тамақ сырқатына байланысты ем-дом қабылдап жүрген болса.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

БІЛУ МАҢЫЗДЫ: Небулайзерлік терапия үшін дәрі-дәрмек компаниялары шығарған сұйық түрдегі стандартты ингаляциялық ерітінділердің барлық түрлерін қолдану үшін ұсынылады.

- Деммен қабылдауға арналған ерітінділер стерильденген жағдайларда 0.9% натрий хлориді негізінде ерітінді түрінде дайындалуға тиіс. **СУ ҚҰБЫРЫНЫҢ (ТІПТІ ҚАЙНАТЫЛҒАН) СУЫН НЕМЕСЕ ИНГАЛЯЦИЯЛЫҚ ЕРІТІНДІ ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ДИСТИЛЬДЕНГЕН СУДЫ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛМАЙДЫ.** Ерітінді дайындауға арналған ыдысты алдын ала қайнату арқылы зарарсыздандыру керек.
- Ингаляция сипаты (мүштікті пайдаланып, ауыз арқылы немесе тұмалдықты немесе қондырманы пайдаланып, мұрын арқылы), ұзақтығы, мен кезеңдігін, сондай-ақ пайдаланылатын ингаляция ерітінділерін СІЗДІҢ ДӘРІГЕРІҢІЗ белгілеуге тиіс.
- Пайдаланған кезде аспапты столдың төгіс жеріне қойыңыз.
- Аспаптың шамадан тыс қызып кетуін болдырмау үшін ауажинақтағышқа ауа кіретін саңылауды жаппаңыз.
- Балалар аспапты ересектердің бақылауымен пайдалануға тиіс.
- Егер Сіз аспапты ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, оны электр желісінен ажыратыңыз да жинап қойыңыз.
- Желі бауының ашасына су қолыңызды тигізбеңіз.
- Аспапты суға салмаңыз, су астында немесе себезгі кабинасының ішінде ұстамаңыз. Жуынған кезде пайдаланбаңыз.
- Егер аспап суға түсіп кетсе, оған қолыңызды тигізбеңіз. Оны дереу желіден ажыратыңыз.
- Пайдаланар алдында электрмен қуаттау бауының зақымданбағанына көз жеткізіп алыңыз.
- Электрмен қуаттау бауы ыстық немесе қызған беткі қабаттарға тимеуге тиіс.
- Егер аспап жұмыс істемесе, осы басшылық құжаттың «АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ

ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ» бөлімін қараңыз.

- Тек LD-221C аспабына арналған және осы басшылық құжатта жазылған керекжарақтарды ғана пайдаланыңыз.
- Бұл аспапты өкпеге ингаляциялық жансыздандыру және жасанды желдету жүргізу үшін пайдалануға болмайды.
- Аспаптың саңылауына бөгде заттарды салмаңыз.
- Аспап үй-жай сыртында пайдалануға арналмаған.

ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

Аспапты ингаляцияға дайындау.

! **БІЛУ МАҢЫЗДЫ!** Аспапты бірінші рет пайдаланар алдында «Күтім, сақтау, жөндеу және өтелге шығару» тарауының 1 тармағында жазылғандай оны толық тазалаудан өткізу қажет.

1. Ингаляторды стол үстіне алдыңызға қойыңыз. Аспаптың желіден ажыратылғандығына (қуаттау тумблері «О» қалпында тұрады), ал қуаттау бауының электр желісіне жалғанбағандығына көз жеткізіңіз.
2. Сағат тіліне қарсы бұрап, небулайзердің жоғарғы бөлігін шешіп алыңыз (1 сурет).
3. Қажетті бүріккішті орнатыңыз.


Завод жиынтығындағы небулайзер ішіне бүкіл тыныс алу жолына әсері үлкен көк түсті «В» бүріккіші орнатылған. Дәрілік құралдардың жоғарғы тыныс жолдарына әсері күштірек болу үшін көк бүріккіштің орнына қызыл түсті «С» бүріккішін орнатыңыз.

Дәрі-дәрмектердің төменгі тыныс жолдарына әсері неғұрлым жақсырақ болу үшін екі бөліктен тұратын сары түсті «А» бүріккішін орнатыңыз. (2 сурет).


4. Небулайзердің төменгі бөлігіне ингаляциялық ерітінді құйыңыз. Оның мөлшері Сіздің дәрігеріңіз ұсынғаннан аспауға тиіс. Небулайзердегі ерітінді мөлшері корпустағы белгімен анықталады. Ыдыстың ең жоғарғы сыйымдылығы – 10 мл.
5. Сағат тіліне қарай қатайғанша бұрап, небулайзердің жоғарғы бөлігін бекітіңіз. 6. Ингаляция түріне қарай небулайзердің жоғарғы бөлігіне не мүштікті немесе мұрынға арналған қондырманы, я болмаса тұмалдырықты пайдаланыңыз (3 сурет). Небулайзерді тік күйінде ұстаңыз немесе бұрыштық ұстатқыштың көмегімен аспаптың корпусына жалғаңыз.

БІЛУ МАҢЫЗДЫ: Әр емделушінің жеке мүштігін, мұрынға арналған қондырмасын, я болмаса тұмалдырығын пайдаланғаны дұрыс.


7. Қуаттау көбілін электр желісіне жалғаңыз.
8. Ингаляциялық түтікшенің бір ұшын сығымдағыштың келтеқосқышына, ал екінші ұшын небулайзердің келтеқосқышына жалғаңыз.
9. Қуаттау тумблерін «I» қалпына қарай қайта қосып, ингаляторды іске қосыңыз. АСПАП ИНГАЛЯЦИЯ ЖАСАУҒА ӨЗІР.



Сур. 1




Сур. 2



Сур. 3

Пайдаланылатын бүріккіш түріне қарай аэрозоль құрамындағы әртүрлі көлемдегі бөлшектер мынандай тәртіппен бөлінеді*:



Дәрі-дәрмектер тыныс жолдарының белгілі бір бөліктеріне жету үшін тиісті бүріккішті пайдалану керек.

Сур. 4


* - Little Doctor International (S) Pte. Ltd. өлшерен.

Ингаляция жүргізу.

Бір емдік сеансты жүргізудің ұзақтығы әдетте 20 минуттан аспауға тиіс. Ингаляциялау ем-шарасының қаншалықты ұзақ болатындығы жайында емдеуші дәрігеріңізбен кеңесіңіз. Ингаляциялау кезінде тынышталып, денені бос ұстаңыз. Препарат өкпені жақсылап толтырып, кеңірдекше тарамдарының терең бөліктеріне дейін жетуі үшін тыныс алу баяу және терең болуға тиіс. Демді ішке тартып, аз уақыт дем алмаңыз да содан соң баяу шығарыңыз. Өте жиі дем алмауға тырысыңыз. Егер оның қажеттігін сезінсеңіз, үзілістер жасаңыз.

Дем алумен белсендіретін небулайзер.

Небулайзердің белгілі бір үлгімен біріктірілген камералар түріндегі арнайы конструкциясы демді ішке тартқанда және сыртқа шығарғанда ауа ағымының өртүрлі жолдарын анықтайды. Бұл демді ішке тартқанда неғұрлым аэрозоль концентрациясы көбірек ауа ағымын жұтуға, ал демді сыртқа шығарғанда аэрозоль шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Дем алумен белсендіретін небулайзерді пайдаланғанда ингаляция тиімділігі едәуір артады.



Ингаляцияны аяқтау.

Ингаляциялық ерітінді біткеннен кейін немесе ингаляциялаудың дәрігер белгілеген уақыты аяқталғаннан кейін электр қуатының түмблерін "О" жағдайына қарай бұрып, аспапты өшіріңіз және қуат көзі көбілін электр жүйесінен суырып алыңыз. Ингаляция жүргізу аяқталғаннан кейін қабылдаған ем-шара тиімді болу үшін аз уақыт таза ауамен дем алыңыз. Аспап әр пайдаланылғаннан кейін оның ішінде қалған препарат сарқыны жуылып тасталуы керек. Аспапты «Күтім, сақтау, жөндеу және өтелге шығару» бөлімінің 1 бөлімінде жазылғандай тазалап, жуыңыз.

КҮТІМ, САҚТАУ, ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ӨТЕЛГЕ ШЫҒАРУ

1. Аспап пен оның барлық тетіктерін уақ-уақ тазалап тұрыңыз. Аспаптың барлық тетіктерін 0,5% жуу құралы (мәселен, кір жуу ұнтағы) қосылған 3%-дық сүтегі асқын тотығы ерітіндісімен сүрткен дұрыс. Содан кейін небулайзерді ағыл-тегіл ағынды су астында жуу керек. Мүштіктер мен мұрынға арналған қондырмаларды 10 минут бойы қайнатуға немесе 150 градусқа дейінгі температурада автоклавирлеумен тазалауға болады. Тазалағаннан кейін аспаптың барлық бөліктерін жұмсақ матамен құрғатып сүртіңіз.
2. Сүзгінің кірлеген-кірлемегенін уақ-уақ тексеріп тұрыңыз және қажет болса оны ауыстырыңыз. Сүзгіні ауыстыру үшін қақпақты өзіңізге қарай жылжытып, сүзгіге арналған ұяшықты ашыңыз; жаңа сүзгіні орнатыңыз; сүзгіге арналған ұяшықты жабыңыз. Сүзгіні жылына әрі кеткенде бір рет ауыстырып тұрған дұрыс.
3. Аспапты тура түсетін күн көзінен және соққылардан сақтаған жөн.
4. Аспапты жылытқыш аспаптар мен ашық отқа тікелей жақын жерде сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.
5. Аспапты кірлетпей ұстаңыз.
6. Аспаптың ұятты ерітінділерге жанасуына жол бермеңіз.
7. Қажет болғанда оны тек мамандандырылған ұйымдарда ғана жөндетіңіз.
8. Компрессордың қызмет мерзімі ол шығарылған күннен бастап 5 жыл болып белгіленген. Шығыс материалдарының қызмет мерзімі 1 жылды құрайды. Шығарылған жылы орауында көрсетілген. Белгіленген қызмет мерзімі бітерде аспапты техникалық жағдайын тексерту, егер қажет болса оны Сіздің өңірде қолданыстағы ережелерге сәйкес өтелге шығаруды жүзеге асыру үшін аспапты ауық-ауық мамандарға (мамандандырылған жөндеу ұйымдарына) көрсетіп тұру қажет. Аспапты шығарушы өтелге шығарудың арнайы шарттарын белгілемеген.

КЕПІЛДЕМЕЛІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұл аспапқа сатылған күннен бастап 36 ай кепілдемелік мерзім белгіленген. Кепілдеменің шығыс материалдарына (бетперделер, мүштіктер, түтікшелер және тағы басқаларға) қатысы жоқ. Кепілдемелік міндеттемелер аспап тұтынушыға сатылған сәтте кепілдемелік талонмен ресімделеді. Кепілдемелік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың мекен-жайлары кепілдемелік талонда көрсетілген.

КОМПЛЕКТНОСТЬ

№	Атауы	Үлгісі	Саны, дана.
1	Ауа сығымдағыш	—	1
2	Небулайзер (LD-N002 бар)	LD-N105	1
3	Ингаляция бүріккіші	LD-N001	1
4	Ингаляция бүріккіші	LD-N002	1
5	Ингаляция бүріккіші	LD-N003	1
6	Ингаляция мүштігі	LD-N022	2
7	Ингаляциялық бетпердесі	LD-N041	1
8	Ингаляциялық бетпердесі	LD-N040	1
9	Ингаляция түтікшесі	LD-N051	1
10	Ересектердің мұрынға арналған қондырмасы	LD-N058	1
11	Балалардың мұрынға арналған қондырмасы	LD-N059	1
12	Пайдалану жөніндегі басшылық құжат	—	1
13	Кепілдемелік талон	—	1
14	Дербес қаптамаға арналған қорапша	—	1
15	Ауа сүзгісі	LD-N055	5
16	Сөмке	—	1

НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Орындалуы	LD-221C
Түрі	ауа сығымдағыш
Тұтынатын қуаты, артық емес	190BA
Аэрозоль алу өнімділігі, шамамен	
«А» LD-N001 ингаляция бүріккіші	0.3 мл/мин.*
«В» LD-N002 ингаляция бүріккіші	0.4 мл/мин.*
«С» LD-N003 ингаляция бүріккіші	0.5 мл/мин.*
Аэрозоль бөлшектерінің орташа көлемі (MMAD)	
«А» LD-N001 ингаляция бүріккіші	3.5 мкм*
«В» LD-N002 ингаляция бүріккіші	4.0 мкм*
«С» LD-N003 ингаляция бүріккіші	5.0 мкм*
Ең ұзақ үздіксіз жұмыс уақыты	20 минут
Салқындау уақыты	40 минут
Ингаляциялық ерітіндіге арналған ыдыс сыйымдылығы	10 мл
Ингаляциялық ерітіндінің қалдық көлемі, артық емес	50 мк
Компрессордың ең жоғарғы қысымы	0.5 мл
Шуыл деңгейі, артық емес	54 дБ*
Электрмен қуаттау:	~230В 50Гц
Электр тоғымен зақымданудан қорғау дәрежесі	BF түріндегі бұйым
Аспапты пайдалану шарттары:	
Қоршаған ауа температурасы	+10°C-дан +35°C-ға дейін
Ылғалдылық	15% - 80% Rh
Атмосфералық қысым	86 - 106 кПа
Аспапты сақтау және тасымалдау шарттары:	
Қоршаған ауа температурасы	-20°C-дан +40°C-ға дейін
Ылғалдылық	15% - 95% Rh
Атмосфералық қысым	50-ден 106 кПа-ға дейін
Жиынтық массасы (қаптамасыз), артық емес	1250 г
Электронды блоктың ауқымдық көлемі	130 мм x 98 мм x 180 мм
Өндірілген жылы және айы	Аспап корпусындағы сериялық нөмірде «AУУММ221XXXX» түрінде көрсетілген, ондағы УУ- өндірілген жыл, ал ММ- ай
Сақтандырғыш, түрі 5x20	2A 250B

* - Little Doctor International (S) Pte. Ltd. өлшерген.

Нышандарға түсініктеме:

CE 0123 93/42/ЕЕС Директивасына сәйкестігі



Білген жөн: Нұсқаулықты оқыңыз



Өндіруші



II қорғаныс класы



Сериялық нөмір



BF түріндегі жабдық



Ылғалдан қорғаңыз



Стерильді емес



Аспапты пайдалану шарттары

БҰЙЫМНЫҢ АДАМ ДЕНЕСІМЕН ЖАНАСАТЫН БӨЛІКТЕРІ МЕН МАТЕРИАЛДАРЫ

ТОРАПТАР (ТЕТІКТЕР) АТАУЫ

Ингаляция демперделері, LD-N041, LD-N40
Ингаляция түтікшесі, LD-N051
Ингаляция мүштігі, LD-N022
Мұрынға арналған қондырма,
LD-N058, LD-N059
Жалғастырғыш түтікшелер (ішкі)

Ауа помпасы

Ауа сүзгісі

LD-N105 небулайзері

LD-N107 небулайзері

LD-N001, LD-N002, LD-N003 бүріккіштері

LD-N008 бүріккіші

Керек-жарақтарға арналған пластик бокс

Керек-жарақтарға арналған сөмке

Қуаттау кәбілія

Сақтандырғыш

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН МАТЕРИАЛ

Поливинилхлорид PVC (72°)

Поливинилхлорид PVC (82°)

Полипропилен M800E / K8003

Полипропилен M800E / K8003

Жылупластикалық полиуретан,
TPU1495B

Политетрафторэтилен

ChiMei PC540

Полиэфир талшығы (Полиуретан)

Полипропилен M800E / K8003

Пластик PP-Polypropylene

Силикагель 50°

Полипропилен M800E / K8003

Политетрафторэтилен (PC)

ABS пластик

Нейлон 200D

Поливинилхлорид (PVC)

Болат/керамика түтікше

Электрмагнитті сыйысымдылық (ЭМС) туралы маңызды ақпарат

ДК және мобильді (ұялы) телефондар сияқты электронды құрылғылар саны артып келе жатқандықтан, пайдаланылатын медициналық аспаптарға басқа құрылғылардан тарайтын электрмагнитті бөгеуілдер әсер етуі де мүмкін. Электрмагнитті бөгеуілдер медициналық аспаптың жұмысын бұзуы және айтарлықтай қауіпті жағдай тудыруы мүмкін. Сондай-ақ медициналық аспаптар да басқа құрылғылардың жұмысына бөгет жасамауы керек. Өнімді пайдаланумен байланысты қауіпті жағдайлардың туындауын болдырмау мақсатында ЭМС (электрмагнитті сыйысымдылық) жөніндегі талаптарды регламенттеу үшін EN60601-1-1-11 стандарты қолданысқа енгізілді. Бұл стандарт электрмагнитті бөгеуілдерге төзімділік деңгейлерін, сондай-ақ электрмагнитті сәуле шығарудың медициналық жабдыққа қатысты ең жоғарғы деңгейлерін анықтайды. Little Doctor компаниясы өндірген аталған медициналық аспап EN60601-1-1-11 стандартының электрмагнитті бөгеуілдерге төзімділік және электрмагнитті сәуле шығаруға қатысты талаптарын қанағаттандырады.

Соған қарамастан, мынандай арнайы сақтық шараларын сақтаған жөн:

- Аталған медициналық аспапқа жақын жерде күшті электрлі немесе электрмагнитті өріс тарататын мобильді (ұялы) телефондар және басқа да құрылғыларды пайдаланбаған жөн. ол аспаптың жұмысына кедергі келтіріп, айтарлықтай қауіпті жағдай тудыруы мүмкін.

Кем дегенде 7 метрлік арақашықтықты сақтаған дұрыс. Егер арақашықтық одан аз болса, аспаптың дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіп алыңыз. EN60601-1-1-11 стандартына сәйкестік туралы қалған құжаттама осы басшылық құжатта көрсетілген мекенжайдағы Little Doctor компаниясында. Ол құжаттамамен Littledoctor.ru сайтында тансыуға болады.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ

Аспап мынандай себептерге байланысты іске қосылмауы мүмкін:

- Желіде электр қуатының болмауы
 - Электрмен қуаттау кернеуінің қажетті кернеумен сәйкессіздігі.
 - Ашаның электрмен қуаттау розеткасымен нашар түйісуі.
 - Сақтандырғыштың күйіп кетуі. Сақтандырғыш корпусының ішінде орнатылған.
- Оны мамандандырылған жөндеу ұйымдарында ауыстырған жөн.

Аэрозоль мынандай себептерге байланысты пайда болмауы мүмкін:

- Небулайзерге бүрікіш орнатылмаған.
- Небулайзерде ингаляциялық ерітіндінің болмауы. Небулайзерге қажетті мөлшерде ерітінді құйыңыз.
- Небулайзер шүмегінің ерітінді қалдықтарымен бітеліп қалуы. Небулайзердің шүмегін тазалаңыз. Тазалаған кезде шүмек геометриясына зақым келтіретін металл бұйымдарды қолданбаңыз.

- Ингаляция түтікшесінің бұралып қалуы. Ингаляция түтікшесін небулайзерге ауа кіруге еш нәрсе кедергі болмайтындай етіп түзетіп қойыңыз.

СЕРТИФИКАТТАУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Аспаптарды өндіруші ISO 13485 халықаралық стандарты бойынша сертифициратталған.

Аспап MDD 93/42/ЕЕС Европалық директивасына сәйкес келеді.

Тұтынушылардың талаптары мен тілектері мына мекен-жайға жолдансын:

Россия: 117218, Москва қ., а/ж 36, «Фирма К и К» ЖШҚ (заңды мекенжайы: 105484, Москва қ., Новочеремушкинская к-сі, 34 үй, корп. 1, жай VII).
Тегін шұғыл желі тел.: 8-800-200-00-37

Сапасы жөніндегі талаптар мен шағымдар ҚР аумағында қабылданады:

Қазақстан: 070010, Өскемен қ., Карбышев к., 24, “Казмедимпорт” ЖШС.

Тел./факс: 8 (7232) 76-97-97, e-mail: info@kazmedimport.kz , www.kazmedimport.kz

Өндіруші: Little Doctor International (S) Pte. Ltd., 7500A, Beach Road,
11-313 The Plaza 199591, Singapore.

Пошталық мекенжайы: Yishun Central P.O. Box 9293 Singapore 917699 (Литл Доктор Интернешнл (С) Пте. Лтд., Йишун Централ П.О. Бокс 9293, Сингапур 917699).

Экспорттаушы: Little Doctor International (S) Pte. Ltd. (Литл Доктор Интернешнл (С) Пте. Лтд.).

Өндіріс орны: Little Doctor Electronic (Nantong) Co., Ltd., No.8, Tongxing Road Economic & Technical Development Area, 226010 Nantong, Jiangsu, PEOPLE'S REPUBLIC OF CHINA (Литл Доктор Электроник (Нантонг) Ко. Лтд., Ном. 8, Тонгксинг Род Экономик энд Текникал Девелопмент Эриа, 226010 Нантонг, Жиангсу, ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ).

www.LittleDoctor.ru

Интернеттегі LD маркалы тауарлар туралы ақпарат (техникалық сипаттамалары, функционалдық ерекшеліктері, пайдалану, сақтау және келіпдік қызмет көрсету шарттары).

WWW.LITTLEDCTOR.SG

CE 0123



® Зарегистрированные товарные знаки Little Doctor International (S) Pte. Ltd.
© Little Doctor International (S) Pte. Ltd., 2022

I584/2205/11